

# БОЛМАСАН Да ҮҚСАП БАҚ, БІР ҒАЛЫМДЫ КӨРСЕҢІЗ

Ұлы Абайдың «Болмасан да үқсап бақ, бір ғалымды көрсөніз» деген гибратты сөзі күні бүгінге дейін мағынасын жоғалтқан жоқ. Білім беру саласында 50 жылдан астам жемісті еңбек етіп келе жатқан тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Уткур Алиұлы Алиевтің еңбек жолына қарап, оның азаматтық келбеті, тұлғасы жайында ой толғаганымызда жоғарыдағы да налық сөздің бос еместігіне көз жеткізесіз.

Ұлағатты ұстаз Өзбекстан Республикасы, Самарқан облысы, Нұратта ауданында дүниеге келген. Садриддин Айний атындағы Самарқан мемлекеттік педагогикалық институтында «Бастауыш сыйнапта оқыту әдістемесі мен педагогикасы мамандығы» бойынша білім алады. Еңбек жолын мұғалім болып бастайды. Ұстаздық қызметті атқара жүріп, 1975 жылы Ташкент мемлекеттік университетінің тарих факультетінің сыртқы беліміне оқуға түсіп, 1976 жылы Сырдарья мемлекеттік педагогикалық институтының КОКП тарихы кафедрасына лаборант болып жұмысқа ауысады.

Қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан оны бірден Сырдария обкомының лекторлар тобына қабылдайды. Сол кезде Уткур Алиұлының лекторлық қабілетін аңғарып, партия жиналышында Сырдария мемлекеттік педагогикалық институтының оку ісі жөніндегі проекторы, П.Ф.К., доцент В.Г.Цой:



теу жұмыстарының қорытындылары қоғам тарапынан қолдау тауып жатыр.

У.Алиұлы ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауға да атсалысып жүрген ұлағатты ұстаз. Ғалымнан тәлім алған шәкірттері тәуелсіз Қазақстанның ғылым және білім салаларында елімізді өркендешу жолында аяибай еңбек етуде. Саясатпен айналысып, елге басшылық жасау жолында жүргендері де бір шоғыр.

Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаны батыр да, тілінен бал тамған ақын-жазушылар да, тіпті жерді айналып үшқан гарышкер барлығы да ұстаздан білім алған. Сондықтан адамзат баласы ұстазға бас иеді. Осындай зор құрметке Уткур Алиұлы әбден лайықты.

Ағылшын ағартушысы Уильям Уордтың: «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, Ұлы мұғалім шабыттандырады» деген қағидастын міндетті турде өз қызметінде қолдануға тырысып, жас шәкірттерін шабыттандырып, қоғамдағы өз орнын табуына жетелеп келеді. Ал мұндай қасиет екінің біріне беріле бермейді.

ректоры, п.ғ.к., доцент В.Г.Цой: «Аға лаборант У.Алиев жоғары оқу орынның аға оқытушы деңгейінде дәріс береді» деп, қарым-қабілеттіне жоғары баға берген болатын.

Оның тарихшы мамандығына аудиосына т.ғ.к., доцент, көп жылдар Самарқан кооператив институтында кафедра менгерушісі болып қызмет еткен Уштемир Алиевтың ықпалы зор болды. Осы жылдардан кейін үстаз ғылым жолына түседі.

1983 жылы профессор Ж.Қ. Қалымбетовтың жетекшілігімен тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін Ташкент мемлекеттік университетінде диссертация қорғайды. Диссертацияны қорғау кезінде т.ғ.д., профессор, Қазақстан Үлттых ғылым академиясының академигі Манаш Қозыбаев зерттеу жұмысына жоғары баға берген болатын.

1994 жыл – Уткур Алиұлының өмірінің ең маңызды белесі болатын. Өйткені, ол Тәуелсіздікке қол жеткізген тарихи Отаны Қазақстанға оралды. Содан бері, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті қызметтін атқарып келеді.

Уткур Алиұлы жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық негіздері», «Ежелгі және орта ғасырлық Қазақстан тарихы», «Жаңа замандағы Қазақстан тарихы» және «Қазақстан тарихы» атты электронды оқулықтардың авторы.

2014 жылы «XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдағы Оңтүстік Қазақстандағы демографиялық өзгерістер динамикасы» (8,5 б.т.) атты монографиясы жарық көрді. Қазіргі таңда «XXI ғасырдың алғашқы ширегіндегі Оңтүстік Қазақстан әлеуметтік-демографиялық даму тарихы» тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Ғылыми-зерт-

КОЗОҒІСТОН  
ХАДЫСАРИНИҢ  
КИСКІЧА ТАРИХІ



5

әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилене. Оны сырт көз өздерінше бағалап та жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол – кісілік келбет, азаматтық тұлға. Дәл осындаидай адами асқақ қасиетке, қанша ғұмыр қешкенімен, жеткен де бар, жетпеген де бар.

Озінің өнегелі өмір соқпағында сыйластық пен достықты ұлықтай, улкенге құрмет, кішіге ізет болар үлттық дәстүрлерді үкілеп келе жатқан Уткур Алиұлымен ширек ғасырдан аса уақыт әріптес, қызметтес болып кележатқанымызды мақтан тұтамыз.

Сіздің магыналы өміріңіздің, қасиетті шаңырағыңыздың алтын дінгегі - өмірлік қосағының Сания жеңгеміз, үл-қыздарыңыз бен алтын асықтай немерелеріңіздің ортасындағы бәйтегерекіз. 70 жасқа толған мерейлі тойыңызда өзінізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, әулетіңізге баянды бақыт тілейміз!

Сәрсебай КАРИБАЕВ,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ доценті, тарих  
ғылымдарының  
кандидаты